



МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге бейнелеу өнеріндегі дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, өскелең ұрпақты бейнелеу өнеріне баулып, патриоттық көзқарастарын қалыптастыру және эстетикалық талғамын дамыту мақсатында «Сықырлы қыс» атты аудандық сурет байқауы ұйымдастырылып өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Аудандық байқауға жалпы орта, негізгі және қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу үшін өтінімдер №1 қосымшаға сәйкес abb_elzat@mail.ru электронды поштасына 2023 жылдың 20 желтоқсанына дейін қабылданады. Байқаудың ережесі қосымша тіркелген.

Қосымша: 2 парақта

**Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы**



М.А.Базарова

Орындаған: Г.Ногайбаева
Тел: 2-14-10

«Сикырлы қыс!» аудандық сурет байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы ереже «Сикырлы қыс!» аудандық сурет байқауының мақсаты мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін белгілейді.
- 1.2 Байқауды Аудандық білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығы ұйымдастырады.
- 1.3 Осы ереже байқауға қатысуға үміткерлерге танысу үшін беріледі.

II. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Байқаудың мақсаты:

Бейнелеу өнеріндегі дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, өскелең ұрпақты бейнелеу өнеріне баулып, патриоттық көзқарастарын қалыптастыру және эстетикалық талғамын дамыту.

2.2 Байқаудың міндеттері :

Қатысушыларға өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру;

Ең талантты және дарынды қатысушыларды анықтау;

Сурет салу машығының қалыптасуына ықпал ету;

Байқау қатысушыларының орындаушылық шеберлігі мен жетекшілердің кәсіби шеберлігін арттыруға демеу жасау.

III. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

3.1 Байқауға жалпы білім беретін мектептердің 1 - 4 сынып оқушылары (жасқырандықтар) қатыса алады.

3.2 Байқау 2023 жылдың желтоқсан айының 11 – 27 аралығында өткізіледі.

IV Байқауға қатысушыға қойылатын талаптар:

4.1. Байқауға қатысушы тақырыпқа сәйкес, қыс мезгілін бейнелейтін сурет туындыларын ұсынуы қажет.

4.2. Суреттер байқау қатысушыларының өзімен орындалуы тиіс;

Суреттер кез келген материалмен (ватман, қатырма, кенеп және т.б.) және кез келген сурет салу техникасымен (май, акварель, тушь, түрлі-түсті қарындаштар, борлар және т.б.) орындалуы мүмкін;

Байқау 3 кезеңнен:
Мектепшілік кезең: 11-15 желтоқсан 2023 жыл
Аудандық/қалалық кезең: 21 желтоқсан 2023 жыл
Облыстық кезең: 25 - 27 желтоқсан 2023 жыл

4.4 Аудандық кезеңге мектепшілік кезеңнің жеңімпаздарының жұмыстары қосымшадағы сұраныспен 2023 жылдың 20 желтоқсанына дейін жіберілуі қажет.

V. БАҒАЛАУ ШАРТТАРЫ БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН АНЫҚТАУ

- 5.1 Жеңімпаздарды анықтауға арнайы комиссия құрылады.
- 5.2 Комиссия мүшелері байқаудың мақсаты, міндеттері мен шарттарына байланысты риясыз шешім қабылдауға міндетті.
- 5.3 Комиссия мүшелері шешім шығару барысында осы Ережені негізге алады.
- 5.4 Облыстық жеңімпаздар байқау соңында анықталады.

VI. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТТАРЫ

6.1 Байқау ұйымдастырушылары:
Балалар мен жасөспірімдер орталығы.
Мекен-жайы: Луговой ауылы, С.Есімов 24Б
Тел: 87754311985

№1 қосымша

«Сықырлы қыс!!» атты облыстық сурет байқауына қатысуға
СҰРАНЫС

Қала, ауданы _____

Аты-жөні (толық) _____

Туылған күні, айы, жылы _____

Мектебі, сыныбы _____

Тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефоны _____

Жетекшісінің аты – жөні
